

А.А. Бектанов¹, Ж.Ж. Кумганбаев^{2*}¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Алматы қ., 050000, Қазақстан Республикасы

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Алматы қ., 050040, Қазақстан Республикасы

*e-mail: zhankum0186@mail.ru

ІЛЕ Өңіріндегі ұйғырлар мен дүнгендердің көтерілісі

Аңдатпа

XIX ғасырдың екінші жартысында Шыңжаңда кішігірім мемлекеттердің бірі болған Құлжа (Іле) сұлтандығы өте аз уақыт өмір сүргенімен, ол аймақта бірқатар саяси факторлар мен тарихи процестердің орын алуына түрткі болды. Оның ішінде мемлекет құру жолдарын ұйымдастырып, аймақта дербес өмір сүруге талпынған ұйғырлар мен дүнгендердің саяси қимылдарынан туындады. Бұл кезде Шыңжаңдағы Іле өңірінде әр түрлі халықтар өмір сүріп, олардың ең негізгісі ұйғырлар мен дүнгендер болды. Іле өңіріндегі ұйғырлар мен дүнгендер Қытайдың қысымынан құтылу үшін көтеріліске шықты және олардың арасында қазақтар да болды. Құлжа сұлтандығының құрылуына тікелей себепкер болған ұйғырлар (тараншылар) мен дүнгендердің көтерілісі отандық ғылымда маңызды тақырыптардың бірі саналады. Ұсынылып отырған ғылыми мақала мақсаты - XIX ғасырдың 60-жылдары Іле өңіріндегі ұйғырлар мен дүнгендердің дербестік үшін көтерілісінің тарихы қарастыру, көтерілістің саяси себептеріне және оның барысы мен нәтижелеріне жаңадан ғылыми талдау жасау. Осы кезеңдегі Іле өңіріндегі басқа да түркі-мұсылман халықтарының саяси-әлеуметтік жағдайы мен олардың тағдырына тарихи баға беріледі. Сонымен қатар, Іле өлкесінде болып жатқан саяси мәселелерге қатысты Ресей империясының саясаты көрсетіледі.

Негізгі сөздер: Құлжа сұлтандығы, Цин империясы, Ресей, Шыңжаң, Іле өңірі, Ұйғырлар мен дүнгендер, көтеріліс.

Кіріспе

Аймақта Құлжа сұлтандығының тарихын дүниежүзілік тарихтың, оның ішінде Орталық Азия тарихының бір бөлігі ретінде қарастыру және зерттеу отандық тарих ғылымында іргелі ғылыми тақырыптардың бірі болып саналады. Мұның басты себептері Құлжа сұлтандығы Шыңжаң жерінде болып, ол әуелде әлем тарихын зерттеуге бағытталса, екіншіден қазақ жерімен шекаралас болғандықтан, аймақтағы қазақтардың саяси және этникалық тарихын зерттеумен де тығыз байланысты. Сонымен қатар, сұлтандықтың құрылуының саяси алғышарттары, тәуелсіздік алу жолдары, ішкі әлеуметтік-саяси тартыстар мен алауыздықтар, ұйғырлар мен дүнгендердің Цин империясына қарсы тәуелсіздік үшін күресін отандық көзқарас тұрғысынан зерттеу – ертеден қазақтар көп шоғырланған аймақ саналған және онымен іргелес жатқан Құлжа аймағының тарихын зерттеу тұрғысынан да іргелі зерттеулердің бірі болып табылады. Құлжа сұлтандығы тарихын аталған факторлар бойынша зерттеудің ғылыми қажеттіліктері тақырыптың өзектілігін одан сайын арттыратыны сөзсіз.

Отандық тарих ғылымында Құлжада ұйғырлар мен дүнгендердің Цин империясына қарсы тәуелсіздік үшін күресі әр түрлі бағаланып келді. Оның басты мысалдары Цин империясының өзінің шығыс аймақтарында еуропалық империялармен соғысып жатқанда ұйғырлар мен дүнгендердің осы сәтті ұтымды пайдаланып өз тәуелсіздігін алу жолында жасалған саяси-әскери қимылдарын «бүйірден пышақ сұғу» деп бағалайды. Ал, кейбір зерттеушілер керісінше, әрбір халықтың тәуелсіздік тағдырын империя ішіндегі әр түрлі саяси оқиғалармен салыстырмалы түрде байланыстырады. Айта, кетерлігі ұйғырлар мен дүнгендер тәуелсіздік жолында саяси күрестер жүргізген тұста, Цин империясы еуропалық империялардың саяси-экономикалық экспансиясына төтеп бере алмай жатқан болатын және империяның ішкі өмірінде саяси дағдарыс орын алған еді.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу жұмысына қатысты деректік материалдардың негізгі бөлігі архив материалдары мен архив құжаттарының жинағы болды. Осындай құжаттар жинақтары

елімізде де жарық көрді. Солардың ең негізгілерінің бірі Қазақстан және өзге республикалардың ғылым академияларының ғалымдарының бірлесе отырып жарияланған XIV-XIX ғасырлардағы «Шығыс Түркістан, Орта Азия және Қазақстан тарихы бойынша қытай деректері мен материалдары» деген атпен жарияланған құжаттар жинағы. Құжаттар жинағында Құлжа тарихы мен оның айналасында өмір сүрген халықтардың саяси тағдыры мен саяси белсенділігін және аймақтың дамуына қосқан үлесі туралы мәліметтер беріліп, бұл жинақ өзінің құндылығымен ерекшеленеді [1].

Сонымен қатар, тарихшылар К.Ш. Хафизова мен В.А. Моисеевтің авторлығымен жарияланған еңбекте аймақ халықтарының тарихы, Цин империясының Орталық Азия мен қазіргі Қазақстандағы саясаты, сондай-ақ Шыңжаң мен Құлжа тарихына арналған мәліметтер келтірілген [2]. Жалпы, тақырыпқа қатысты құжаттар жинақтары зерттеу жұмысының деректік базасын құрайтын негізгі материалдардың үлкен бөлігі ретінде саналып, тақырыптың түрлі ғылыми міндеттерін шешуге көмектесті.

Зерттеу тақырыбының мазмұнын ашатын келесі бір деректер топтамасына сол дәуірдегі мерзімді басылымдарды жатқызамыз. Іле сұлтандығы мен Құлжа аймағына қатысты материалдар негізінен «Русские ведомости», «Русский вестник», «Материалы для статистики Туркестанского края» атты газет-журналдардың бетінде жарияланды. Таратып айтқанда, «Русские ведомости» журналында шыққан А. Вилькинстің «Долина реки Или» атты мақаласы [3] Іле аймағының географиялық жағдайы мен өлке тарихына қатысты беретін деректік мәліметі мол. Бұл мақалада өлкенің саяси ахуалына да басымдық беріліп, ондағы халықтардың Қытай мен Ресей империялары арасында отырғаны беріледі. Басылымдағы мәліметтер Іле өлкесінде дүнгендердің тұрмысы, салт-дәстүрі, киімі, тілі, діні, асханасы және басқа да салаларын жан-жақты қамтып, сонымен бірге дүнген халқының Цин билігіне қарсы көтерілісі туралы тың мәліметтер береді. Сол сияқты, «Русский вестник» басылымында И. Зарубиннің «По горам и степям Средней Азии. Путевые заметки от Москвы до Кульджи» [4] деп аталатын мақаладағы мәліметтер тек географиялық бағытта болмай, сол кезде аймаққа қатысты геосаяси әңгіме қозғалған.

Ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізуде тарих ғылымының заманауи ғылыми әдістері қолданылды және методологиялық принциптері негізге алынды. Тарих ғылымының тарихи-салыстырмалылық, тарихи типологиялық, сипаттау, ғылыми талдау мен синтез және тарихи жүйелеу әдістері пайдаланылды. Сонымен қатар, зерттеу жұмысында тарих ғылымының қазіргі заманғы принциптері де қолданылып, олар ғылыми жұмыстың мазмұнын күшейтуге мүмкіндік берді. Оның ішінде тарих ғылымының шынайылық, нақтылық, тарихилық, жүйелілік принциптері негізге алынып, олар Іледегі мұсылман халықтарының Цин билігіне қарсы көтерілістері мен Құлжа сұлтандығының Ресейге қарсы саясатын зерттеуде өз септігін тигізді.

Ғылыми жұмыста еліміздің және шетелдік тарихшы-ғалымдардың іргелі теориялық ой-пікірлері мен теориялық тұжырымдары басшылыққа алынды. Тақырыптың ғылыми мәселелері мен оның міндеттерін орындау барысында ескі, негізсіз, біржақты, ғылыми тұжырымдар мен көзқарастардан бас тартылып, жаңа ізденістерге жол ашылды. Сонымен қатар, ғылыми жұмысты жүргізу кезінде соңғы уақыттарда әлемдік және отандық тарих ғылымында орын алып отырған жаңа методологиялық бағыттар негізгі зерттеу жолы ретінде таңдап алынды.

Нәтижелер және оларды талқылау

XIX ғ. екінші жартысында Шыңжаң өлкесінің саяси тағдырын түпкілікті шешуде Қытайда аса ұзаққа созылған қызу пікірталастар мен тартыстар орын алды. Басты мәселе – орталықтан қашықта орналасқан аймақты иеленген соң оны қолда ұстап тұру болды. Дегенмен мұның бәрі сол кезде Қытайда үстемдік құрып отырған Цинь империясы үшін оңайға соқпады. Мұның барлығы Қытайдың шығыс аймақтарында туған ішкі көтерілістер мен осы аймақтардағы еуропалық империялардың отарлау әрекеттерінің күшеюінен болды. Осы ғасырдың 60-жылдары Шыңжаңда Қытайдың саяси үстемдігінің дағдарысқа ұшырай бастауы онда жергілікті халықтардың тәуелсіздікке деген ұмтылысын арттырды.

Бұл кезде өлкедегі жергілікті халықтың басым бөлігін құраған ұйғырлар мен дүнгендер болып, олар да өзге халықтар сияқты дербес өмір сүруге талпыныс жасады, Қытай билігінен арылуға және тәуелсіз өмір сүруге әрекеттенді. Бұл халықтардың санасында саяси дербес өмір сүруге деген ұмтылыс ұзақ жылдар бойына қалыптасып, ол ақыры Қытай үкіметіне қарсы қарулы көтеріліс жасауға алып келді.

Ұйғырлар мен дүнгендердің Қытай билігіне қарсы наразылықтарының себептері негізінен аймақта еркін өмір сүрудің қиындай бастауы және сауда жасаудағы түрлі кедергілердің орын алуымен, сондай-ақ ең маңыздысы тәуелсіз өмірге деген құлшыныстың артуымен байланысты болды. Цинь билігі Шыңжаңда сауда-саттық, қолөнер, кәсіпкерлік, диханшылық және басқа да салалар бойынша салықтар мен түрлі алымдарды арттырып, жергілікті халықтармен санасқан жоқ. Бұл кезде қытайлар аймақта зор саяси-әскери күшке ие болған маньчжурларға арқа сүйеді. Аймақта қытай-маньчжур саясаты жүзеге асырылды деуге де толық негіз бар. Маньчжурлар аймақтағы негізгі тіршілік көзі болған сыртқы сауда мен қолөнер кәсіпшілігінен түсетін табыс көздерін өз бақылауына алды. Аталып отырған ұйғыр, дүнген және басқа халықтардың саяси-әлеуметтік мүдделерімен мүлде санасқан жоқ. Олар өз жерінде өздерін екінші деңгейдегі халық ретінде сезіне бастады және бұдан асқан қорлық жоқ деп бағалады. Ұйғырлар мен дүнгендердің басты мақсаты – Қытай үкіметінің түрлі мемлекеттік алымдардан босатып, бірқатар салаларда өзін-өзі басқару құқығын алу болды. Тіпті кейде көтерілістің басты ұрандары тәуелсіздік алумен байланыстырылды.

Шыңжаңда Қытай билігіне қарсы көтерілісті 1864 жылы дүнгендер бастады. Дүнгендер Шыңжаңда өмір сүретін саны жағынан көп халықтың бірі болып, олар Қытайдың басқа аудандарында да өмір сүрді. Дүнгендер наразылық қимылдарын бұған дейін де бастаған болатын. Цинь билігіне қарсы ауқымды саяси көтеріліс әрекеттерінің ең негізгілері 1862 жылы басталған еді. Дүнгендердің алғашқы қарулы көтерілістері Қытайдың Ганьсу, Шаньси, Шэньси аймақтарында басталып, [5] ол кейін Шыңжаңға қарай тарады. Дүнгендердің Цинь билігіне қарсы көтерілісіне желеу болған оқиға ол дүнген көпестерінің маньчжур қарақшылары қолынан қаза табуы еді. Бұл кезде дүнгендер аймақта мұсылман халықтарының бірі болып, олар қытайларға қарсы шығуда мұсылмандықты ту етті. Осылайша, олар тек дүнгендер қауымын ғана емес, сонымен бірге аймақта өзге мұсылман халықтарды да бұл көтеріліске тартты. Оның ішінде ұйғырлардан бөлек жергілікті қазақтар мен қырғыздар да болды. Әрбір дүнген өзінің болашағы үшін Цинь билігіне қарсы соғысуы және соғыста ерлікпен қаза болуы міндет саналды [6]. Маньчжурлар дүнгендер үшін ендігі кезектегі бітіспес жауға айналды.

Осы орайда, дүнгендер кімдер екендігі, олардың көтеріліске шығатындай ұстанымдары қандай болғаны, олар үшін саяси көтеріліс пен оның салдарынан туған соғыс қимылдарының қажеттілігі қаншалықты еді деген сұрақтардың туатыны заңды құбылыс. Бұл жөнінде тарихшылар, шығыстанушы ғалымдар мен қоғамдық ғылым өкілдерінің арасында көптеген пікірталастар болып, ол жайлы ғылыми ізденістер жүргізіліп келеді. 1864 жылғы дүнгендердің Қытайда Цинь империясына қарсы басталған көтерілісі ауқымды саяси оқиғалардың бірі болып, ол бұған дейінгі наразылықтардың заңды жалғасы болды. Маньчжурлар дүнгендердің Шыңжаңдағы басты бәсекелесі ретінде қабылданып, қытайлар олардың көтерілісін басуда маньчжурларға қолдауды аямады. Сонымен қоса, маньчжурлардың жағында себо, солон, қалмақ халықтары көтерілісті басуға дайын тұрды. Дүнгендердің маньчжурларға қарсы шығуы мен екі халықтың арасында мұндай текетірестің күшеюіне жоғарыда аталғандай діни-мәдени факторлар да себеп болып, ол дүнгендердің Ислам дінін берік ұстануымен сипатталды. Дүнген халқынан бөлек Шыңжаңдағы мұсылман халықтардың өлкеде маньчжурлар мен өзге діндегі басқа да халықтарға қарсы шығуы дүнгендердің көтерілісін қоздырушы ең негізгі фактордың бірі саналды [7].

1864 жылы жазда Шыңжаң аймағының астанасы болған Үрімші қаласында орналасқан әскери гарнизонында қызметте болған дүнгендік бөлімшелер өз бетінше

көтеріліске шықты. Олар қаруланған күйде қалаға шығып, өрт қойды, қытайлық жергілікті билеушілердің орындарына, сауда қоймаларына шабуыл жасады. Қалада жаппай тәртіпсіздік орын алды. Маньчжурларға қарасты болған ғимараттар отқа оранды. Үрімшіде өмір сүретін барлық маньчжурлар қаза болды. Қаланы басып алғаннан кейін дүнгендер одан ары қарай жылжып, өздерінің қарулы қимылдарын жалғастырды. Дүнгендер Іле өлкесіне қарай жылжып, оларға осы өңірдегі билік өкілдері қарсылық көрсетті, алайда ешбір нәтижеге қол жеткізе алмады. Орталықтан Іле өлкесіне қарай жылжыған дүнгендердің қимылын көрген осы өңірдегі, яғни Құлжадағы жергілікті дүнгендер оларға қолдау көрсету мақсатында ірі толқулар ұйымдастырды. Құлжадағы дүнгендер осы жылы тамыз айының басында көтеріліске шықты. Құлжада дүнгендердің мұндай әрекеттерін жергілікті жердегі ұйғырлар қолдады, содан соң оларға жергілікті қазақтар мен қырғыздар үлкен қолдау көрсетті [8].

Ұйғырлар мен дүнгендердің (әсіресе дүнгендердің) көтерілісінің басталуы мен оның ушығуының алғашқы себептері үнемі базарлар маңында орын алған оқиғалармен байланысты болып отырды. 1864 жылы көтеріліс басталар кезде базар басшылары дүнген балаларын, жеке жүрген адамдарды тұтқындап сұраққа алды, қорқытып, кейбірін өлтіріп отырды. Мұның бәрі тек дүнгендер емес, ұйғырлардың да наразылығын барынша күшейтіп, соғысқа шығуын тездетті. Бұған қарай отырып бұл халықтардың аймақта саудасаттықты дамытып отырғанын аңғару қиын емес. Өздерін жергілікті жердің қожайыны сезінген маньчжурлар қытайлардың қолдауы арқасында базардағы дүнгендерді қуып, олардың заттарын барымталап отырды. Бұған енді жергілікті қытайлар қосылып, жағдай ушықты. Цинь билігі өзінің шығыстағы мәселелерімен айналысып, сонымен бірге дүнгендерді аяусыз жаныштауға да кіріседі. Алайда, көтерілісшілердің әрекетін ауыздықтау мүмкін емес еді. Көп ұзамай көтеріліс бүкіл Шығыс Түркістанды қамтыған халықтардың көтерілісінің бір бөліне айналды. Бұл кезде Іле өлкесінен бөлек Қашғарда және басқа аудандарда да жергілікті халықтардың Қытай билігіне қарсы ашық соғыс қимылдары орын алды [7. -88].

Дәл осындай базардан қуу жұмыстары қазан айының 10 күні маньчжур цзянцзюнь Хуйюаньчэн қаласында осындай әрекеттерге барып, олар дүнгендер тұратын қала бөліктеріне кіріп, оларды базардан қуды. Маньчжурлар жағында сибо, солон сияқты өзге де халықтар болды. Бұл қаладағы қоршау үш күнге созылып, адам шығыны көп болды. 1864 жылы 25 қазанда маньчжурлар сибо, солон және қытайлық әскермен бірге Баянтай бекінісіне барар жолда ұйғырлар мен дүнгендерге кезігеді. Бұл жолы маньчжурлық әскербасылар оларға ешқандай қарсылық көрсете алмады. Керісінше ұйғырлар мен дүнгендер тарапынан болған қарсылыққа шыдай алмай жеңіліске ұшырады. Бұл ұйғырлар мен дүнгендердің Баянтай бекінісін алуға жасаған алғашқы қадамы болды.

Көтерілістің негізгі қозғаушы күші болған қала тұрғындары қолдаған шаруалар еді. Көтеріліс барысында халық ортасынан, оның мүддесін айқын түсінген, халықты күреске жұмылдырған көптеген көсемдер шықты. Бұл кезде дүнгендерде көбінесе қолдан жасалған қарулар көп болып, ұйғырларда көбінесе мылтық пен атылатын қарулар қолданылды. Ұйғырлар мен дүнгендердің бірлескен оны мыңнан астам әскері Баянтай қаласын сырттан айналдыра қоршауға алып, қауіп төндірді. Соғыс қимылдарын ұйғыр және дүнген әскербасылары бірлесіп жүргізді. Ұйғырларды құлжалық тараншы Абдурасул Чорук пен Шамсәтдин Худайкул басқарса, дүнген әскерлерін Ханжа ахун мен Ягар есімді әскербасылар бастап, соғыс қимылдары ұйғырлар мен дүнгендер жағында болды. Бұл кезде әдеттегідей, маньчжурлар мен қытайларға жоғарыда аталған жергілікті өзге діндегі халықтар көмектесіп, алайда ол көмек бере алмады [7. -91].

Атап отырғанымыздай, бұл кезде Қытай үкіметі аймақта көтерілісшілерге қарсы маньчжурлардың көмегін пайдаланды. Маньчжурлар дүнгендер мен оларға көмекке келген ұйғырлардың саяси көтерілісін басу үшін түрлі әскери қимылдарға барып отырды. Маньчжурлар бұл кезде солтүстік-батыс Қытайда өмір сүрген сан жағынан көп болған халық ретінде саналды. Бұл кезде Құлжада жоғарыда аталған мұсылман емес халықтар да

өмір сүріп, олар маньчжурлар мен қытайлық билікке дүнгендер мен ұйғырлардың көтерілісін басуға көмектесті. Олар дүнгендер мен ұйғырларды жан-жақтан қыспаққа алып, аяусыз қырып-жойды. Осылайша, Құлжадағы дүнгендер мен ұйғырлардың көтерілістері аймақта халықтар соғысына алып келді, ол жарты ай уақытқа созылды. Ақыры дүнгендер мен ұйғырлар кері шегінуге мәжбүр болды. Алайда, көп ұзамай маньчжурлардың мұндай сәтті қимылдары өз нәтижесін берген жоқ. Дүнгендер мен ұйғырлар қытайлар мен маньчжурларға және оларға біріккен өзге халықтарға қарсы қайта көтеріліске шығып, нәтижелі қимылдар жасады [9]. 1864 жылы қараша айының басында Құлжада дүнгендер мен ұйғырлардың кезекті көтерілісі орын алып, бүлікшілер гарнизоны Іле өлкесінің басқарушысы әскери губернаторы Мин Сюйдің өзіне зор қауіп төндірді. Мин Сюй қалаға бекініп, оның орталығына қарай паналап, шегінуге мәжбүр болды.

Мұнымен тоқтамаған көтерілісшілер Іле өлкесінде басқа да елді-мекендер мен орталықтарға шабуылдар ұйымдастырды. Олар Іле аймағынан Цинь империясының астанасы Бейжіңге баратын барлық байланыс жолдарын жауып тастады. Мұның салдарынан Құлжаға орталықтан әскери көмек күші келмеді. Іледегі цзянцзюнь (жергілікті әскербасы және саяси өкіл) Мин Сюй шарасыз қалды. Ендігі бір ғана амал Ресей империясына арнайы адам жіберіп, сол арқылы Бейжіңге хабар беру ғана қалды. Дәлірек айтқанда Мин Сюй Верный арқылы Бейжіңге хабар беруді жөн санап, Ресей империясына өзінің сенімді адамын жібереді. Бұл жағдай Ресей билігінің назарын бірден өзіне аударды. Ресей билігі Шыңжаңдағы көтеріліске араласуға бірден келісім берген жоқ. Санкт-Петербург басшылығы Шыңжаң аумағында Цинь империясының билігі үстемдік етуі оңай еместігіне қарамастан, Ресей үкіметі Батыс Қытайдағы тікелей әскери қол жіберіп, мұндағы іске араласуға асықпады. Ресей аймақтағы жағдайды бақылауға алып, 1860 жылғы келісімнің шарттарын сақтап отырумен шектелді. 1860 жылы Бейжің келісімі (Пекинский трактат) [10] бойынша Ресей империясы мен Қытай арасында қазақ жері арқылы сауда қатынастары бекітіліп, аймақта шекаралар нақтыланған еді.

Ендігі кезекте, Ресей империясында Іле өлкесіне қатысты екі бағыттағы саясат қалыптасты. Оның біріншісі осы Бейжің келісімінің талаптарын сақтай отырып Қытайдың ішкі ісіне араласпауға тырысса, екіншісі маңызды себеп болып онда орыстардың Шыңжаңда маньчжур билігінің тарапына қарулы көмек көрсетуі Ресейдің Шыңжаңмен шекаралас аймақтарында мұсылмандардың (әсіресе Іле өлкесімен шектесіп жатқан Ұлы жүзде) наразылығы туындауы мүмкін еді. Сондықтан, патша билігі мұндай олқылық жібермеуі тиіс еді. Тағы бір айта кетерлігі, бұл кезде Ресей империясы Ұлы жүз бен Орта Азия жерінде жиі-жиі басқыншылық соғыс қимылдарын жүргізіп жатқандықтан, Шыңжаңдағы жағдайды реттеу ол үшін оңайға түспейтіні анық еді. Дегенмен, Цинь империясының Құлжадағы өкілі Мин Сюй мұнымен шектелмей, осы 1864 жылы қараша айының соңында Ресей империясында шекаралық округты басқарып отырған Г.А. Колпаковскийге өтініш білдіріп, онда Шыңжаңдағы жағдайды реттеуге көмектесуге шақырды. Цзянцзюнь арнайы жасақталған әскер сұрап, бұл өтінішін екі мемлекеттің ұзақ мерзімді достық қарым-қатынастарына әкелетін бірден-бір жол екенін ескеруін сұрады. Ол: «Шекарадағы жерлерді сақтау мен қорғаудың мәселесі – біздің мемлекеттердің ортақ мақсаты екеніне сенімді бола отырып, көбейе бастаған бүлікшілерді таратуға бірге жаншымыз деп үміттенеміз... Егер әскери қол көмекке тезірек жіберілетін болса, он мың жыл бойы мемлекеттер арасындағы келісім мен достастық болатынына кепілдік береміз» - деді [11].

Іледегі Цинь билеушілерінің Ресейден көмек сұрауы ұйғырлар мен дүнгендердің қатты алаңдатып, олар Құлжаны басып алу ойларынан қайтуға мәжбүр болды. Осылайша, Құлжадағы және жалпы Шыңжаңдағы 1864 жылғы басталған дүнгендер мен ұйғырлардың қарулы көтерілістері уақыт өте халықаралық сипат алды. Ендігі кезекте, Ресей империясы бұл іске қазірше бел шеше араласпай оған кейіннен кірісуді өз бетінше жоспарлап қойды. Қытайлық цзянцзюнь жіберген ұсынысқа Г.А. Колпаковский мұндай маңызды саяси мәселені тек Санкт-Петербург арқылы шешуге болатындығын айтты. Ол өзінің

орталықтан келетін бұйрықтың шешімінсіз ештеме істей алмайтынын жеткізді. Алайда, осыған қарамастан 1864 жылдың желтоқсан айында Верныйға Қытайдан кезекті делегация келді. Делегацияның екінші рет келуінің басты мақсаты – Құлжаға әскерлерді жіберуді жеделдету туралы кезекті сұранысы еді. Бұл сұраныстың себебі – дүнгендердің қараша айында болған шегінісінен кейін олардың өзара дайындықтан өтіп, желтоқсан айында Құлжаға қайтадан қауіп төндіруінен туындады.

Алайда, Ресей билігі маньчжурлар мен дүнгендер арасындағы соғысқа тікелей араласудан өздерін тежеп, өз әскери күштерін Ресей аумағына дүнгендер шабуыл жасаған жағдайда ғана қолдануды жөн көрді. Соған байланысты, қытай елшіліктеріне Бейжіңнен тікелей шақыру алмай тұрып, орыс билігі шекара асу жайлы бұйрық шығара алмайтындықтарын жариялайды. Цинь билігі аймақтағы жағдайда толықтай өзі шеше алмайтынына көзі жетті. Себебі, оның жоғарыда аталғандай ішкі және сыртқы саяси-экономикалық мәселелері көп болды. Көп кешікпей қытай билігінің өзі Бейжіңдегі ресейлік елші генерал-майор А.Г. Влангалиге Шыңжаңдағы мәселені әскер күшімен реттеп беруге жүгінді. Елші олардың өтінішінің Ресей билігіне жеткізілетінін және қолдан келген көмек көрсетілетінін хабарлады. Алайда ол Ресейдің өзінде де көп қаржы қажет ететін шешімін таппаған мәселелер бар екенін, сондай-ақ Батыс Қытайдағы бүлікшілерге жаны ашыған орыс құлдары манчжур билігіне қарсы ауқымды күш-қуат құратынын айтты [12]. Цинь империясының Жоңғария мен Шығыс Түркістандағы әскери шебінің әлсіреуі Шыңжаңда өзінің экономикалық және саяси жағдайын бекітуді көздеген Ресейге тиімді болғандай болды. Шын мәнінде, Ресейге барлық қиындықтарға және Шыңжаңдағы манчжур билігімен арадағы алауыздыққа қарамастан Қытайдың Орта Азияның осы ауданында болғаны тиімді болды. Дегенмен Ресей империясы Шыңжаңда орын алып жатқан саяси жағдайды ұдайы бақылауында ұстады. Оны әзірге тек алыстан бақылап отыру керек болды.

Атап өткендей, ұйғырлар мен дүнгендер маньчжурлар мен қытайлардан және басқа мұсылман емес тайпалардан төнетін қандай да болмасын қауіп-қатерге қарамастан, алға жылжып, Құлжа қаласына іштен және сырттан үлкен қысым жасаған еді. Ресей империясы Іле өлкесінде болып жатқан ұйғырлар мен дүнгендер көтерілісіне байланысты өзінің пікірін білдіріп, көтерілісті басуға әзірше көмектесе алмайтынын білдірген соң желтоқсан айында көтерілісшілер Құлжаға қайтадан қауіп төндіре бастады. Осы 1864 жылдың 12 желтоқсан күні қала маңында соғыс қимылдары жаңартылды және аса ауыр деңгейдегі адам шығындары орын алды. Бұл кезде жетістіктер маньчжурлар тарапында болып, олар көтерілісшілерге қарсы жақсы дайындық жұмыстарын жүргізгенін байқатты. Бірақ, ең маңыздысы соғыс қимылдары мұнымен тоқтаған жоқ. Керісінше аймақта соғыс қимылдары күшейтілді. Ұйғырлар мен дүнгендерге жергілікті қазақтар мен қырғыздар келіп қосылды. Бұл туралы генерал Г.А.Колпаковский Сібір әскери штабының жетекшісі А. Кройеруске жазған хатында ерекше атап өтті. Қазақтар мен қырғыздардың ұйғырлар мен дүнгендерге көмек көрсете бастауы жағдайды шиеленістіріп, Жетісудан да қазақтар тартылуы мүмкін еді. Бұған қарай отырып, соғыстың діни сипатта орын алғанын аңғару қиын емес [8. -90].

Мұсылмандардың бірлескен соғыс қимылдарының нәтижесінде жергілікті қалмақтар мен өзге діндегі біраз этникалық топ өкілдері қолға түсті. Бұл нәтиже көтерілісшілерді одан сайын жігерлендіре түсті. Бұл жолы қалмақ тайпалары ауыр шығынға ұшырады. Құлжа қаласында ішкі бүлік орын алып, онда қала ішіндегі маңызды орындар мен шіркеулер тоналды. Қала ішіндегі соғыс және тонаушылық қимылдарында да мұсылмандық факторлар алдыңғы қатарды болды. Цинь империясының мұсылмандарды басу әрекеттері мен олардың көтерілісін ауыздықтау қимылдары нәтижесіз бола берді. Осылайша Құлжа аса қиын жағдайда болып, оның көп ұзамай көтерілісшілердің қолына өтетіні анық болды. Жалпы, бұл уақытта Құлжаны көтерілісшілердің қолына өтті деуге де болады, өйткені мұнда көтерілісшілердің саны мен ықпалы басым болды. Орталық

тарапынан жабдықталмаған және Ресей тарапынан көмек қолы келмеуіне байланысты Құлжа қаласы көтерілісшілердің бүлік және соғыс алаңына айналған еді.

Құлжаға бастырып кіргендер астық қорлары мен басқа да күнделікті тұрмысқа қажетті материалдарды ұрлады, қалғанын өртеп жіберді. Сонымен бірге нан қоймалары өртенді, халық үшін сыртқы әлем жабық болғандықтан, мұнда аштық басталды. Құлжада ресейлік факториялар мен ғимараттар қиратылды. Құлжаны қолында сақтап қалу үшін жергілікті маньчжур цзяньсзюнь қалаға түрлі азық-түлік жіберіп отырды. Қала толықтай көтерілісшілердің қоршауында қалды.

Айта кетерлігі, 1865 жылы дүнгендердің наразылық талаптары Шәуешекте де орын алды. Мұнда Шәуешек қаласындағы дүнген қауымдастығы мұсылмандар құлшылық ететін қасиетті орындар мен мешіттерде басқа дін өкілдерінің кіргізілмеу талабы қойылды. Сондай-ақ, оған тек дүнгендер қауымдастығы немесе басқа да мұсылмандар бақылау орнатуы тиіс болды. Дегенмен де, қарулы қимылдар да орын алып, дүнгендер көтеріліс басталған кездері, алғашқыда Үрімшіде де түрлі қинау және зорлау әрекеттерінің жүзеге асырған еді. Олар Үрімші қаласын өз қолында ұстап, онда ешкімді кіргізбеген кездері де болды. Бұл жағдай, көтеріліс қимылдарынан енді басқыншылық әрекеттерге барғанын көрсетеді [13].

Бұдан кейінгі кезде мұсылман көтерілісшілері үшін маңызды болып саналған келесі бір бекініс Баянтай қаласы болып, ол үшін қарулы қимылдар басталды. Бұл қимылдар 1465 жылдың алғашқы айында болып, ол ұйғырлар мен дүнгендердің өз қарсыластарына бағытталған басты соғыс алаңына айналды. Баянтай қамалы үшін болған кезекті қарулы қимылдарды Эмир хан қожа басқарды. Ол өз қоластындағы көтерілісшілерді соған қарай бағыттады. Ақыры, 12 қаңтар күні көтерілісшілер қамалды бұзып бекініске басып кірді. Ұйғырлар мен дүнгендер қалаға басып кіріп, жас балалар мен аналарға ғана тимей қарсы келгеннің бәрін қырып салды, қарсылық көрсетпегендерге аса ауыр зәбір берілген жоқ [7.-96].

Құлжа аймағындағы соғыс қимылдары жалғаса берді. 1865 жылы маусым айында ұйғырлар мен дүнгендер Құлжадан Суйдин бекінісіне алуға аттанды. Бұл жайлы хабардар болған цзяньсзюнь өздерінде соғысқа қажетті күштер азайғандықтан сибо халқынан қосымша күш сұрады. Ұйғырлар мен дүнгендер жайлы және олардың соғысу тактикалары туралы білген сиболықтар оларға қарсы шығып, қала бекінісін қорғап қалды. Мұндай сәтсіздіктерден мойымаған ұйғырлар мен дүнгендер кері кеткенімен бұл төңіректен ұзамай өмір сүре берді. Олардың бір рет бетін қайтарғанына масаттанған маньчжурлар келесі айда тағы бір рет соққы беру қажеттігін ойластырып, бұл жолы қалмақтарды көмекке шақырды. Қалмақтардың әскербасы Геген цзяньсзюньнен қосымша әскер алып, Іле өзенінің бойында қоныстанған тараншыларға (ұйғырлардың) лап қоюды жоспарлады. Бұл үшін өзен бойындағы Хуйюаньчэн қаласынан айналып өтіп, ұйғырлар мен дүнгендер орналасқан елді мекенге келді. Бұл өңірде олардың 12 ауылы орналасып, олар осы жерден қарсылық көрсетуге дайын болды. көтерілісшілер егер цзяньсзюнь әскері көп болса кері шегініп, далалық соғыс тактикалары арқылы кейіннен артынан шабуылдап отырды.

Бұл жолы қалмақтардың да оларға ұйымдастырған жорығы сәтсіз аяқталды. Цзяньсзюнь бұл жолы өзге тайпалардың күшіне сенгенінен қатты әбігерге түсті. Ол маньчжур әскерінде әскери қажеттіліктерін айтып, өз қоластындағы маньчжур-қытай әскерілеріне қару-жарақ пен киімнің жетіспей жатқанын айтты. Осыдан соң орталықтан тиісті қажетті материалдар келтірілді. Басты мақсат ұйғырлар мен дүнгендердің бірлескен көтерілісіне нүкте қою болған еді. Бірақ, жағдай керісінше болып, онда көтерілісшілердің қысымынан қалмақтар мен маньчжурлар кері шегінуге мәжбүр болды [7.-103].

Көтерілісшілердің 1864 жылы басталған қимылдары одан кейінгі жылдары бірде табысты, бірде сәтсіз жүріп, ақыры 1866 жылы 20 қаңтарда көтерілісшілер Құлжа қаласына басып іріп, оны толық қоршауға алды. Осы жылдың наурыз айының басында қала орталығы көтерілісшілерге берілді. Оның барысы былай болып, қалада барлық азық-түлік өнімдерін тауысып, қорғануға ешқандай мүмкіндіктері болмай, соңына дейін жан

сақтап жасырынып отырған цзянцзюнь Мин Сюй берілуге шешім қабылдады. Бірақ, ол берілмес бұрын өз өміріне қауіпсіздік кепілдігін және «Маньчжур үкіметіне адалдық» сақталған жағдайда ғана берілетінін ескертті. Мин Сюй қаланы қоршап тұрғандарға қырық қытайлық күміс және төрт жәшік көк шәй жіберді. Бұл делегациясымен бірге қала орталығынан (цитадель) он екі маньчжур шенеунігі отбасыларымен бірге шығып кетті. Көтерілісшілер оларды қабылдады, оларды ескі Құлжаға қоныстандыруға рұқсат берді, бірақ Мин Сюйдың осы қойған барлық талаптарынан бас тартып, керісінше бүлікшілердің билігін мойындауын талап етті. Осы талапты ескере отырып, дүнгендер мен ұйғырлар екі шенеунікті цитадельге жіберді. Бірақ Мин Сюй бұдан қатты намыстанып, ол бұл талаптардың мүлдем орындалмайтынын айтты. Оның артынша дүнгендер бас тартуды естігеннен кейін, қабырғаның бір бөлігін жарып жіберіп, цитадельге басып кірді де бүкіл қаланы 3 наурызда басып алды.

Ескі цзянцзюнь тұтқынға алынып, жаңа адам (Мин Сюй) шенеуніктер мен оның отбасыларын, қазынасын, шайын және мүлкін сарайға жинап, сарайды жарып жіберді және оның қираған жерінде қаза тапты. «Тұтқынға алынған маньчжурлардың көбісі бауыздалып өлтірілген. Бір жылға созылған қорғаудан кейін Құлжа құлады. Дүнгендердің Құлжаны басып алуы туралы ақпарат шекара маңындағы өзге халықтарды елеңдетті [14].

1866 жылы сәуір айының алғашқы күндерінде көтерілісшілердің жасаған қысымынан Шәуешек цитаделі құлады. Бұл жайлы Г.А. Колпаковский осы жайтты Омбыға хабарлап, оның құлауының себебі дүнгендердің батылдығы емес, бұл жай ғана кездейсоқтық деп бағалады және тағы бір себебі ретінде маньчжурларда қырағылықтың болмауынан деп есептеді. Түнде, қараңғылықты пайдалана отырып, бес дүнген адамы жасырын түрде цитадель қақпасына өтіп, байқампаздықтарын дәлелдеу үшін ұйқылы ояу түрде қоңырау шалатын күзетшілерді тапты. Оларды өлтіріп, дүнгендердің бірі, күзетшілер секілді қоңырау шалды. Осылайша цитадельді бұзып кіріп, дүнгендер тұтқиылдан қалың ұйқыда жатқан маньчжурларға шабуыл жасап, барлығын дерлік бауыздап өлтірді, мүліктерін тонады. Ақыры, Шәуешек қаласын көтерілісшілер басып алды.

Осылайша, 1864-1866 жылдары Іле өлкесінде орын алған ұйғырлар мен дүнгендердің көтеріліс қимылдары жеңіспен аяқталып, ол жергілікті халықтардың өз бетінше тәуелсіз мемлекет пен ірілі-ұсақты хандық құруына мүмкіндік берді. Бұл тұста Ресей билігінің Қытайға көмек көрсетпеуі көтерілісшілер үшін өте тиімді болды. Ресейдің бейтарап саясаты Шыңжаңда көтерілістің жеңіске жетуіне алып келді. Қирауына және екі жақтың да мыңдаған адамдарының өліміне кесірін тигізді. Алайда, Цинь жағы Ресейдің бұл саясатын олардың қиын жағдайын пайдалану ниеті ретінде есептеуіне негіз болды. Ресейдің Шыңжаңдағы саяси оқиғаларға араласпауы және 1864-1866 жылдардағы көтерілісшілердің жеңісі сыртқы сауданың күрт төмендеуіне және ірі экономикалық және қаржы шығындарына батуға, Құлжа және Шәуешек қалаларындағы Ресей консулдық ғимараттарының және сауда орталықтарының бұзылуына әкелді [15].

Қорытынды

Іле өлкесіндегі ұйғырлар мен дүнгендердің Цинь билігіне қарсы күресі аймақта саяси жағдайдың аса жоғары деңгейде шиеленіскенін көрсетті. Оның басты мысалдары аймақта Цинь билігінің әлсіреуі, жергілікті халықтардың өз бетінше, ешкімге бағынбай өмір сүруі, олардың дербестікке ұмтылуы және осыған байланысты соғыс қимылдарының тууы т.б. көтерілістің басты ерекшеліктердің бірі қытайлар мен маньчжурларға қарсы ұйғырлар мен дүнгендердің көтерілісі алғашқыда саяси көтеріліс сипатында болғанымен, кейіннен оның мазмұны өзгеріп, ол халықтар арасындағы соғыс іспеттес жүргізіледі. Сондықтан қандай да бір факторлар бойынша көтерілістің сипатын халықтар арасындағы соғыстар ретінде де көрсетуге болады. Көтеріліс кезінде халықтар арасында соғыстардың орын алуы бұл кезде әлсіреп отырған Цинь империясының діні мұсылман емес халықтарды мұсылман халықтарға айдап салу саясатына байланысты орын алды. Көтерілістің жанкешті түрде орын алуы мен халықтар мен тайпалар арасындағы

соғыстарда діни фактор басты назарда болды. Ұйғырлар мен дүнгендердің көтерілісте жеңіп шығуына мұсылмандық фактор өзінің септігін тигізді. Оның басты мысалдары ұйғырлар мен дүнгендер бастаған көтеріліске кейіннен қазақтар мен қырғыздар да ерікті түрде қосылып кетеді. Көтеріліс көсемдерінің өзге діндегі халықтарға қарсы ұйғырлар мен дүнгендер арасындағы үгіттеу жұмыстары көтерілістің ауқымын одан сайын кеңейтті. Мұсылман халықтарының бірлесіп соғысуы көтерілістің тағдырын шешіп берді. Келесі бір маңызды жағдай ұйғырлар мен дүнгендердің көтеріліс қимылдарының сәтті жүруіне Ресей империясының бейтарап саясат ұстануы себеп болды. Егер, Цинь үкіметінің өтінішін орындап Іле өлкесіне орыс әскері кірген кезде көтерілістің жаншылатыны анық еді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1 Садвакасов Г.С. Китайские документы и материалы по истории Восточного Туркестана, Средней Азии и Казахстана XIV-XIX вв. – Алматы: Ғылым. – 1994. – 272 с.
- 2 Цинская империя и Казахские ханства. Вторая половина XVIII - первая треть XIX в.: в 2-х частях / Сост. К.Ш. Хафизова, В.А. Моисеев. Алма-Ата: Наука, 1989. – С. 216-227.
- 3 Вилькинс А. Долина реки Или. // Русские ведомости. – 1876. – Т. 124. – С. 459-508
- 4 Зарубин И. По горам и степям Средней Азии. Путевые заметки от Москвы до Кульджи. // Русский вестник. – 1879. – № 11. – С. 235-275
- 5 Хохлов А.Н. Дунганское восстание в Китае 1860-1870-х годов и поездка академика В.П. Васильева в Кульджу в 1890 году. // Восточный архив. – 2013. – №2(28). – С. 7-19.
- 6 Сушанло М. Дунганское восстание второй половины XIX века и роль в нем Бай Янь-ху. – Фрунзе: Киргизгосиздат, 1959. – 119 с.
- 7 Дунгане : история и культура : российские дореволюционные работы о дунганах / сост. М.Р. Мадиван; отв. ред. О.И. Завьялова; Ин-т восточных рукописей (Азиатский Музей) РАН; Ин-т Дальнего Востока РАН. – М. : Наука – Вост. лит., 2017. – 335 с.
- 8 Моисеев В.А. Россия и Китай в Центральной Азии (вторая половина XIX в. - 1917 г.). - Барнаул: Азбука, 2003. – 346 с.
- 9 Ставров И.В. Тенденции демографического развития неханьских национальностей Северо-Восточного Китая (начало XXI века) // Вестник Дальневосточного отделения Российской академии наук. – 2013. – № 4 (170). – С. 146-151.
- 10 Российско-китайские отношения. История и современность. Хрестоматия. / Сост. Д.В. Кузнецов. [Электронный ресурс]. – Благовещенск: Благовещенский государственный педагогический университет, 2014. – 952 с.
- 11 Дубровская Д.В. Судьба Синьцзяна. Обретение Китаем "Новой границы" в конце XIX в. – Москва: Институт Восток. РАН 1998. – 132 с.
- 12 Попов И.М. Россия и Китай: 300 лет на грани войны / И.М. Попов. – М.: ООО «Издательство Астрель», 2004. – 511 с.
- 13 Гейнс А.К. О восстании мусульманского населения или дунгенов в Западном Китае. //Известия ИРГО. – 1866. – Вып. 3. – С. 75-96.
- 14 Сыроежкин К.Л. Мифы и реальность этнического сепаратизма в Китае и безопасность Центральной Азии. – Алматы: ТОО «Издательский дом» «К», 2003. – 736 с.
- 15 Куропаткин А.Н. Русско-китайский вопрос. - СПб.: «ИП.А.С.Суворина «Новое время», 1913.-224 с.

ВОССТАНИЕ УЙГУРОВ И ДУНГАН В ИЛИЙСКОМ РЕГИОНЕ

Аннотация

Во второй половине XIX века Кульджинский (Илийский) султанат, являвшийся одним из самых маленьких государств Синьцзяна, просуществовал недолго, но именно он был ответственен за возникновение ряда политических факторов и исторических процессов в Синьцзяне. Причины восстания возникло из политических движений уйгуров и дунган, которые пытались организовать способы создания государства и самостоятельного проживания в регионе. В это время в Илийском крае Синьцзяна проживали различные местные народы, основными из них были уйгуры, дунгане и казахи. Уйгуры и дунгане Илийского региона восстали, спасаясь от китайского гнета, и среди них были местные казахи. Восстание уйгуров (таранчинцев) и дунган, непосредственно ставшее причиной создания Кульджинского султаната, считается одной из важных тем в отечественной исторической науке. Целью научной статьи является исследование истории освободительного восстания уйгуров и дунган в Илийском регионе в 60-е годы XIX века, проведен научный анализ политических причин восстания, его хода и результатов. Дается историческая оценка политическому и социальному положению и судьбам других тюрко-мусульманских

народов Илийского региона в этот период. Кроме того, показана политика Российской империи в отношении политических вопросов, происходящих в Илийском крае.

Ключевые слова: Кульджинский султанат, империя Цин, Россия, Синьцзян, Илийский край, уйгуры и дунгане, восстание.

UYGHUR AND DUNGANS' REBELLION IN THE ILI REGION

Abstract

In the second half of the 19th century, the Kuldja (Ili) Sultanate, which was one of the smallest states in Xinjiang, did not last long, but it was responsible for the emergence of a number of political factors and historical processes in Xinjiang. The reasons for the uprising arose from the political movements of the Uyghurs and Dungans, who tried to organize ways to create a state and live independently in the region. At that time, various local peoples lived in the Ili region of Xinjiang, the main ones being the Uyghurs, Dungans and Kazakhs. The Uyghurs and Dungans of the Ili region rebelled, fleeing from Chinese oppression, and among them were local Kazakhs. The Uyghur (Taranchin) and Dungan rebellion, which directly caused the creation of the Kuldja Sultanate, is considered one of the important topics in Russian historical science. The purpose of the scientific article is to study the history of the liberation uprising of the Uyghurs and Dungans in the Ili region in the 60s of the XIX century, a scientific analysis of the political causes of the uprising, its course and results. A historical assessment of the political and social situation and fate of other Turkic-Muslim peoples of the Ili region during this period is given. In addition, the policy of the Russian Empire in relation to political issues occurring in the Ili region is shown.

Keywords: Kuldja Sultanate, Qing Empire, Russia, Xinjiang, Ili region, Uyghurs and Dungans, uprising.

REFERENCES

- 1 Sadvakasov G.S. Kitayskiye dokumenty i materialy po istorii Vostochnogo Turkestana, Sredney Azii i Kazakhstana XIV-XIX vv. [*Chinese documents and materials on the history of East Turkestan, Central Asia and Kazakhstan in the 14th-19th centuries.*] Almaty: Gylym. 1994. 272 p. [in Russian]
- 2 Tsinskaya imperiya i Kazakhskiy khanstva. Vtoraya polovina XVIII - pervaya tret' XIX v.: v 2-kh chastyakh [*The second half of the 18th - first third of the 19th century: in 2 parts / Comp.*]. / Sost. K.Sh. Khafizova, V.A. Moiseyev. Alma-Ata: Nauka, 1989. P. 216-227. [in Russian]
- 3 Vil'kins A. Dolina reki Ili. [*The Ili River Valley.*] // Russkiye vedomosti. – 1876. – T. 124. P. 459-508 [in Russian]
- 4 Zarubin I. Po goram i stepyam Sredney Azii. Putevyye zametki ot Moskvyy do Kul'dzhi. [*Across the mountains and steppes of Central Asia. Travel notes from Moscow to Kuldja.*] // Russkiy vestnik. – 1879. – № 11. P. 235-275 [in Russian]
- 5 Khokhlov A.N. Dunganaskoye vosstaniye v Kitaye 1860-1870-kh godov i poyezdka akademika V.P. Vasil'yeva v Kul'dzhu v 1890 godu. [*Dungan rebellion in China in the 1860-1870s and the trip of academician V.P. Vasiliev to Ghulja in 1890.*] // Vostochnyy arkhiv. – 2013. – №2(28). P. 7-19. [in Russian]
- 6 Sushanlo M. Dunganaskoye vosstaniye vtoroy poloviny XIX veka i rol' v nem Bai Yan'-khu. [*Dungan rebellion of the second half of the 19th century and the role of Bai Yan-hu in it*] – Frunze: Kirgizgosizdat, 1959. 119 p. [in Russian]
- 7 Dungan: istoriya i kul'tura : rossiyskiye dorevolutsionnyye raboty o dunganakh [*Dungans: history and culture: Russian pre-revolutionary works on the Dungans*]. / sost. M.R. Madivan; otv. red. O.I. Zav'yalova; In-t vostochnykh rukopisey (Aziatskiy Muzei) RAN; In-t Dal'nego Vostoka RAN. – M.: Nauka, 2017. 335 p. [in Russian]
- 8 Moiseyev V.A. Rossiya i Kitay v Tsentral'noy Azii (vtoraya polovina XIX v. - 1917 g.). [*Russia and China in Central Asia (the second half of the 19th century – 1917).*] - Barnaul: Azbuka, 2003. – 346 p. [in Russian]
- 9 Stavrov I.V. Tendentsii demograficheskogo razvitiya nekhan'skikh natsional'nostey Severo-Vostochnogo Kitaya (nachalo XXI veka). [*Trends in the demographic development of non-Han nationalities in Northeastern China (early 21st century).*] // Vestnik Dal'nevostochnogo otdeleniya Rossiyskoy akademii nauk. – 2013. – № 4 (170). – P. 146-151 [in Russian]
- 10 Rossiysko-kitayskiye otnosheniya. Istoriya i sovremennost'. Khrestomatiya. [*Russian-Chinese relations. History and modernity.*] / Sost. D.V. Kuznetsov. Blagoveshchensk: Blagoveshchenskiy gosudarstvennyy pedagogicheskiy universitet, 2014. 952 p. [in Russian]
- 11 Dubrovskaya D.V. Sudba Sintszyana. Obreteniye Kitayem "Novoy granitsy" v kontse XIX v. [*The Fate of Xinjiang. China's Acquisition of a "New Border" at the End of the 19th Century*]. – Moskva: Institut Vostok. RAN 1998. – 132 p.
- 12 Popov I.M. Rossiya i Kitay: 300 let na grani voyny. [*Russia and China: 300 Years on the Brink of War*]. / I.M. Popov. – M.: OOO «Izdatel'stvo Astrel». 2004. – 511 p. [in Russian]
- 13 Geyns A.K. O vosstanii musul'manskogo naseleniya ili dungeney v Zapadnom Kitaye. [*On the Uprising of the Muslim Population or Dungans in Western China*]. //Izvestiya IRGO. – 1866. – Vyp. 3. P. 75-96 [in Russian]

14 Syroyezhkin K.L. Mify i real'nost' etnicheskogo separatizma v Kitaye i bezopasnost' Tsentral'noy Azii. [Myths and Reality of Ethnic Separatism in China and the Security of Central Asia]. – Almaty: TOO «Izdatel'skiy dom» «K», 2003. 736 p. [in Russian]

15 Kuropatkin A.N. Russko-kitayskiy vopros. [The Russian-Chinese question]. – SPb.: «IP. A.S.Suvorina «Novoye vremya». 1913. 224 p. [in Russian]

Information about authors:

Almas Bektanov – PhD student in specialty 6D020300 History, Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Department of History of Kazakhstan. Almaty, Republic of Kazakhstan.

E-mail: Almas_89@bk.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0983-7144>

Zhandos Kumganbayev – **corresponding author**, PhD, Associate Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Department of History of Kazakhstan. Almaty, Republic of Kazakhstan

E-mail: zhankum0186@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-3779-1673>

Информация об авторах:

Алмас Бектанов – PhD докторант по специальности 6D020300 История, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Кафедра истории Казахстана. г. Алматы, Республика Казахстан

E-mail: Almas_89@bk.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0983-7144>

Жандос Кумганбаев – **основной автор**, PhD, ассоциированный профессор (доцент), Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Кафедра истории Казахстана. г. Алматы, Республика Казахстан

E-mail: zhankum0186@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-3779-1673>

Авторлар туралы ақпарат:

Алмас Бектанов – 6D020300 Тарих мамандығы бойынша PhD докторант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан тарихы кафедрасы. Алматы қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: Almas_89@bk.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0983-7144>

Жандос Кумганбаев – **негізгі автор**, PhD, қауымдастырылған профессор (доцент), әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан тарихы кафедрасы. Алматы қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: zhankum0186@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-3779-1673>